

INNOVATIVE DEVELOPMENT OF FOREST COMPLEX OF BELARUS

In the article the perspective directions of development of the forestry complex in Belarus among which are the following: timber harvesting, transporting timber to the lower landing, primary processing, woodworking, pulp and paper production. Predicted the expected volumes received the products in terms of value, profit and number of employees.

Key words: forestry machinery, radiation levels, innovative development, profit, profitability and prospects for development.

ӘОЖ 591.512: 610

Сопбеков А.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТУРИЗМ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Аңдатпа

Жалпы мақалада республикамыздағы экотуризмнің даму барысы мен оның маңызы туралы баяндалады. Экотуризм саласында тұтас мемлекеттік саясатты қалыптастыруды, Қазақстанда қазіргі заманғы бәсекеге қабілетті туризм индустриясының құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздерін қалыптастыруды сөз етеді.

Кілт сөздер: туризм, экотуризм, туризмнің түрлері, ұлттық парктер, жібек жолы, ландшафтар, табиғи ескерткіштер.

Кіріспе

Туризм – жеке тұлғалардың ұзақтығы 24 сағаттан, 1 жылға дейін немесе 24 сағаттан аз, бірақ уақытша болған елде ақы төлейтін қызметпен байланысты емес мақсатта түнеп өтетін саяхаты. Туризм сөзінің өзі француз тілінен аударғанда «tour – саяхат жасау» деген мағынаны білдіреді. Туризмнің даму тарихы - өздеріңізге мәлім, сонау «Жібек Жолымен» тығыз байланысты.

Туризм өз ішінен бірнеше түрлерге бөлінеді: әлеуметтік, экологиялық, спорттық, іскерлік, конгрестік, емдік – сауықтыру, мәдени танымдық, діни және тағы басқалары. Осылардың ішінде менің қарастырайын деп отырған туризмнің түрі – экологиялық туризм. Қазіргі уақытта экологиялық туризм әлемдік деңгейдегі туризмнің басқа түрлерінің ішінде елеулі үлесті алады (40-тан 60% дейін). Экологиялық туризмді адамның тамаша, танымдық, ғылыми, өлкетану қажеттіліктерін қанағаттандыратын нысандармен және табиғаттың кескіндемелік, экзотикалық, қайталанбайтын құбылыстарымен тікелей өзара қарым-қатынасы, ең алдымен «ашық» табиғат жағдайында болуы ретінде айқындауға болады [1].

Экологиялық туризмнің негізгі мақсаты:

- экологиялық білім, табиғатпен өзара қарым-қатынас мәдениетін арттыру, табиғи ортада этикалық нормаларды жасау, табиғаттың және оның жеке элементтерінің тағдыры үшін жеке жауаптылық сезіміне тәрбиелеу;

- адамның рухани және физикалық күштерін қалпына келтіру, табиғи жағдайдағы табиғи ортада толыққанды демалысты қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибеде экологиялық туризм ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда (ЕҚТА) айрықша іске асырылады. Біздің республикамызда экологиялық туризмді дамыту жалпы туризмді дамытуда маңызды. Экологиялық туризмді жоғары табыс көзі ретінде және

экономиканың экологиялық қауіпсіз саласы ретінде қараса және дамытса Қазақстанды дамытудың маңызды элементі болуы мүмкін.

Қазақстанның табиғи әлеуеті әлі шоғырлану процесі және интенсивті ауыл шаруашылығы өндірісі қамтылмаған әртүрлілікке, бірегейлікке, тартымды көрініске ие болғандықтан ЕҚТА-да экотуризмді дамытуда үлкен мүмкіндіктері бар. Экологиялық туризм ЕҚТА барлық түрлерінде дамуы мүмкін, алайда басқа ерекше қорғалатын табиғи аумақтармен салыстырғанда қорықтарға келу тәртібі өте қатаң, осыған сай қатаң түрде табиғатты қорғау тәртібі және нақты келушілердің саны белгіленіп, экологиялық туризмді ұйымдастыруға барынша шектеу қойылған. Экологиялық туризм арнайы бөлінген учаскелеріндегі аралық аймақта қатаң тіркелген бағыттар бойынша экскурсиялық маршруттармен шектелуі қажет. Қорықтардың өзгешелігі ғылыми экологиялық туризмді пайдалануға мүмкіндік беретін көптеген ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуге арналған [2].

Экологиялық туризмді дамытудың аса маңызды әлеуетіне ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ерекше түрі ретінде мемлекеттік ұлттық табиғи парктер (МҰТП) ие, олардың қызмет бағыттарының бірі рекреациялық және туристік қызметті дамыту болып табылады. Осы мақсаттарда көркем ландшафтарды, табиғи ескерткіштерді және басқа тамаша нысандарды көрсету арқылы туристік және рекреациялық аймақтарды дамыту.

Бүгінгі таңда мемлекеттік тапсырыстың шеңберінде төрт ұлттық парктерге («Іле-Алатау», «Баянауыл», «Көкшетау», «Алтын-Емел») экологиялық талаптарды және табиғат ерекшеліктерін ескере отырып, ұлттық парктердің аумағында туризмнің негізгі нысандарын орналастыруда жоспарланатын орындарды тиімді белгілеуге мүмкіндік беретін бас жоспарлар әзірленген [1].

Экологиялық туризм – бұл туризм жасыл қимыл-қозғалысты және экологиялық көзқарасты дамыту пікірлерінің ықпалымен табиғи тұрғыда қалыптасқан бағыты. Экологиялық туризмнің өзі бірнеше түрлерге бөлінеді: жаяу, атты, велосипедті туризм түрлері, альпинизм, рафтинг, дайвинг, ғылыми туризм, орнитологиялық туризм және аңшылық туризм.

Экологиялық туризм – «жұмсақ» туризм болып табылады, себебі, ол қоршаған ортаға вандалисттік қатынасты есеппен қатаң түрде максималды пайда табуға бағытталмаған. Аталмыш туризм түріне мынандай қасиеттер тән: туристік аймақтарды мәдени тұрғыдан сауықтыруына қамқорлық жасау, олардың ресурстарын ұдайы өндіріп, аяушылықпен пайдалану; қоршаған ортаға залал келтіретін жағдайлар минималды деңгейде болуларына бақылау жасау. Экологиялық түр кезінде сіздер жабайы табиғатпен максималды тығыз қатынас жағдайында боласыз, бұл дегеніміз – басқа турлардың бірінде жоқ қасиет. Көптеген адамдардың ойынша «табиғи туризм қызық емес» дейді, бірақ бұл пікірмен келісуге мүлдем болмайды, себебі, пендеге адам аяғы баспаған жабайы табиғатқа ену және оның нағыз табиғи энергетикасын сезіну ғаламат емес пе? Бұл ортада адам табиғаттың әміршісі емес, тек оның кішкентай қажетті бөлігі ғана болады. Табиғи турлар адамға психикасының қалыпына келуіне, яғни тұрмыстық мәселелерден ажырап, үйреншікті техногендік ортаға «дүниенің есігін жаңа ашқандай» болып оралуына жағдай жасайды [3].

Экологиялық туризмнің негізін қалаушы Й. Крипендорфтың анықтауы бойынша, физикалық және рухани демалысты ұзақ уақыт қамтамасыз ету үшін көптеген адамдар тікелей ландшафтпен қатынаста болулары қажет. Жұмсақ туризм атауының қалыптасу нәтижесінде, мынандай кәсіптің түрлері пайда болды: тыныш, техникасыздандырылған жұмыстар, бұл дегеніміз – жаяу, велосипедпен немесе атпен серуендеу, суда жүзу, шаңғымен сырғанау және тағы басқалары.

Экологиялық туризм саясатының бірден-бір басты өзегі болып адамгершілік себептер қызмет атқарады. Табиғи туризммен қарым-қатынаста болатын 4 стратегиялық компонент қолданылады: техникасыздандырылған туризм, өзіндік аймақтық даму, әлеуметтік жауапкершілік, мәдени жауаптылық.

Экологиялық туризм – бұл айтарлықтай орнықты туризм түрі. Ол белгілі ара қашықтықта шоғырланудың арқасында жергілікті тұрғындарға экономикалық пайда әкеледі

және жергілікті тұрғындар мен қонақтар арасында өзара түсіністікті қалыптастырады, сонымен қатар не ландшафтқа, не әлеуметтік ортаға зиянын тигізбейді, керісінше техногендік ортаға машықтанған адамдардың табиғатты қорғауға деген дүние танымдарын өзгертеді [3].

Қазіргі туризм-бұл әлемдік экономиканың құлдырауды білмейтін саласы. Мамандардың есебі бойынша, орташа есеппен, бір шетелдік туристің беретін табысын алу үшін оған сәйкес, шамамен 9 тонна тас көмір немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғары сортты бидайды әлемдік рынокқа шығару керек. Бұл ретте шикізат сату елдің энергия көздерін азайтады, ал туристік өндіріс таусылмайтын ресурстармен жұмыс істейді. Шетелдік экономистердің есебі бойынша, 100 мың турист қалада орташа есеппен екі сағат болған кезде кемінде 350 мың доллар немесе адам басына бір сағатта 17,5 доллар жұмсайды. Сөйтіп, шикізат сату өзіндік экономикалық тығырыққа тірелу болса, ал туризмді дамыту - ұзақ мерзімді, экономикалық тиімді болашақ. (1-кесте) Қазақстан Республикасы туризмінің бес жыл ішіндегі негізгі өсу көрсеткіші берілген.

Кесте 1 - 2008-2013 жылдары аралығында Қазақстан Республикасы туризмінің негізгі өсу көрсеткіші

Туризм түрі	Жалпы жылдар бойғы көрсеткіші (мың адам)					
	2008ж.	2009ж.	2010ж.	2011ж.	2012 ж.	2013 ж. Қаңтар- қыркүйек
Ішкі туризм	2 709	2 304	2 485	2 971	3 283	2 703,6
Елге келушілер туризмі	4 117	3 774	4 097	5 685	6 163	5 143,1
Елден кетушілер туризм	4 330	5 423	6 019	8 020	9 066	7 687,9

Экотуризм жалпы алғанда, мемлекеттің экономикасына үш түрлі оң нәтиже береді: Шетел валютасының құйылуын қамтамасыз етеді және төлем теңгірімі мен жиынтық экспорт сияқты экономикалық көрсеткіштерге оң ықпал жасайды. Халықтың жұмыспен қамтылуын көбейтуге көмектеседі. Туризм тура немесе жанама түрде экономиканың 32 саласының дамуына ықпал жасайды. Елдің инфрақұрылымын дамытуға жәрдемдеседі[3].

Қорта келгенде, экотуризмнің жылдам және тұрақты өсуін, оның қоршаған ортаға, экономиканың барлық секторлары мен қоғамның әл-ауқатына күшті әсерін назарға ала отырып, Үкімет Қазақстанның ұзақ мерзімдік даму бағдарламасында туристік саланы басымдық ретінде белгілеуі керек.

Туризмнің экологиялық түрі – мемлекетіміздің жекелеген аймақтарында әлеуметтік-экономикалық дамудың маңызды элементі және табиғатты қорғаудың құралы бола алатынына кәміл сенуге болады.

Әдебиеттер

- 1 Гельдыев Б.В., Огарь Н.П. "Природные условия, экономические особенности проектной территории", Алматы, 2007 г.
- 2 Құлманова Г.Ә., Беркінбай О., Әбеуов Х.Б., Акоев М. «Экологиялық туризм» оқулық, Алматы 2013ж.
- 3 Бегембетов А.А., Байтанаев О.А., Джакашев А.А. "Историко-этнографический визит-центр Национального парка", "Хабаршы-Весник" журналы, 2002г.

Сопбеков А.

ЭКОЛОГИЧЕСКИЙ ТУРИЗМ И РАЗВИТИЕ

В статье рассматриваются важность экотуризма в нашей республике и его ход развития. Отрасли экотуризма формирует целиком государственную политику, в наше время в Казахстане формирует конкурентоспособности правовой индустрии, организованности и основанности экономики.

Ключевые слова: туризм, экотуризм, виды туризма, национальный парк, шелковый путь, ландшафт, природный памятник.

Sopbekov A.

ECO-TOURISM AND DEVELOPMENT

This article discusses the importance of eco-tourism in our country and its course of development. Ecotourism industry generates entirely public policy in our time in Kazakhstan forms competitor pravavoy industry, organization, and the basis of the economy.

Keywords: tourism, eco-tourism, types of tourism, national park, Silk Road, the landscape, natural heritage.

ӘОЖ 633.2. 033

Сүлейменова А.Т., Бахадырұлы Ж., Үсен Қ.

Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қаласы

ТҮРКІСТАН ФЛОРАЛЫҚ АУДАНЫ ӨСІМДІК ЖАБЫНЫНЫҢ ФИТОЦЕНОЗДЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа

Мақалада Түркістан флоралық ауданының өсімдікжабынын зерттеу нәтижелері берілген. Шардара су қоймасының өсімдік жамылғысына әсері және Көксарай су қоймасының салынуынан экожүйелердің топырақ-өсімдік компоненттеріне түскен антропогендік жүктеменің салдары келтірілген.

Кілт сөздер: Экожүйелер, жайылымдар, деградация, картографиялау, шөпқұрам, өсімдік қауымдастықтары, фитоценоз, қалпына келу, сукцессия.

Кіріспе

Қоршаған ортаны қорғау, оның ішінде экожүйелер, қауымдастықтар және түрлер алуандығын сақтау қазіргі кезеңнің басымдылықтағы проблемаларына жатады. Ол әсіресе, халқы тығыз қоныстанғандығына байланысты жер, су және биологиялық ресурстарды экстенсивті пайдалануға мәжбүрлейтін Оңтүстік Қазақстан өңірінде ерекше орын алады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысаны ретінде Түркістан флоралық ауданының өсімдікжабыны алынды, ал негізгі зерттеу флоралық және геоботаникалық әдістер негізінде жүргізілді.

Түркістан флоралық ауданы жартылайбұташықты-эфемероидтар және жартылай бұталы-эфемероидтардан тұратын Орта Азия шөлдері типіне жатады. Ол Оңтүстіктұран провинция тармағында орналасқан Орта Азия тауларының етегіне тән, Батыс Тәңіртау баурайында оның ені 125 шақырымға жетеді. Климаты ыстық, жауын-шашын максимумы күз-қыс-көктем мезгілдеріне, ал минимумы жазға сәйкес келеді [1].